

ҒАРЫШКЕР. ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ

—Тоқтар аға, Қарқаралының қырандар қонысы болған ауылынан түлеп ұшқаныңыз жалпақ жұртшылыққа белгілі. Әңгімеіздің басында бал дәурені балалық шағыңызды еске алып өтсеңіз?

—Иә, менің кіндік қаным тамған жер қасиетті Қарқаралының «Бірінші Май» колхозы. Қазір ол батыр ағамыз Мартбек Мамырәевтың атымен аталатын шаруашылық. Осы ауылда 1946 жылдың шілде айында шыр етіп дүниеге келіпті.

Әкем ұсталығымен аудан көлеміне аты белгілі болған адам. Темірден түйін түйетін шебер болыпты марқұм. Бұл жайында әкемің көзін көрген ауыл ақсақалдары күні бүгінге дейін жыр қылып аятады. Қолхоздың аңғал-саңғал ұста дүкенінде сырқатқа шалдыққан абзал әкем дүниедеп өткенде мен жөргектегі жеті айлық пәрсете екенмін. Алдындағы сәбилері шегіпей берген сон маған Тоқтар деген ат беріпті жарықтық.

Балалық бал дәуренім Қарқаралы қойнауында өтті. Осында орталау мектепті бітірдім. Қаршадай күнімнен тәрбиесінде болған аяулы апам Бикен тұрмысқа шыққан соң Теміртауға көшіп келдік.

—Ал ұшқыш мамандығын меңгеруді алдыңызға қашан мақсағ етіп қойдыңыз?

—Жасыратыны жоқ, қаршадай күнімнен ұшқыш болуды армандап өстім. Бала кезімде ең сүйіп ойлайтын ойыным қағаздан самолет жасау мен батырауық ұшыру болды. Сабақтан қолым босаған сәтте осы ойынның қызығына өсте тоймайтынмын. Кейде Қарқаралының зенгір аспанынан самолет көре қалсам шаттығымда шек болмаушы еді. Көзім талғанша сонымен қарап тұратыным есімде қалды. Ұшқыш болып, самолетті ұршықтай ируді бала кезімнен алдыма мақсағ еттім десем асыра айтқандық болмас.

—Содан бұл арманыңызға қалай жеттіңіз?

—Адам ақсаған арманына адал болса, оған жетпейтін байды. Бұл үшін мұқалмас жігер мен темірдей тегім керек. Өз басыма ұшқыш болудан басқа мамандықтың қызығы жоқтай көрінетін. Ал енді бұл арманыма бірден қол жеткіздім деп айта алмаймын. Біраз қыпшақтық бастан кешіруге тура келді.

—Сөзіңіз аузыңызда, бұл жайында толығырақ айта кетіңізші. Өзіңіз секілді ұшқыш болғысы келетін жастардың көлесіне жарай қалар.

—Теміртауға көшіп келген соң жұмысқа араласуыма тура келді. Апам көбінесе бала тәрбиесімен үйде отырды да, жалағыз жездемнің жалақысына қарап қалдық. Осыдан соң мен де жұмысқа шығып, үйге табыс келтіруді жөн көрдім. Заводқа токар жұмыс

адым. Бұл мен үшін үйрену жылдары болды. Осында көптеген достар таптым. Бәрі де өзім сияқты ұшқыш болуды аңсап келген көкерім жастар еді. Мерзімді уақыт өткен соң училищеден ұшқыш-истребитель мамандығын алып шықтық. Мұнымен бірге бәрімізге лейтенант деген әскери атақ берілді.

—Осылайша ұшқыш болсам деген арманыңызға қол жеткіздіңіз ғой?

—Иә, солай деуге болады. Бірақ, адамда арман таусылмайды екен. Ұшқыш-истребитель болып Амурскідегі әскери бөлімдердің бірінде алты жыл қызмет атқардым. Осы жылдары енді сынақшы-ұшқыш болсам деген тағы бір арман пайда болды. Бірақ, әскери бөлімнің командирі мені босатқысы келмеді. Бұл кезде өзім біршама тәжірибе жи-

ында Кеңсе Одағының Батыры деген мәртебелі атаққа ие болдыңыз. Бейбіт өмірде мұндай жоғары наградаға не болу өте сирек кездесетін жағдай емес пе?

—Бәлкім, солай да шығар. Әлгі айтқан Микоян фирмасында Александр Федотов деген тамаша талантты ұшқыш болды. Ол батыр атағын менің алдыма алған еді. Өзі менің ұлағатты ұстазым да болған. Амал нешік, кезекті бір сынақ кезінде қайғылы қазаға ұшырады.

Өз басым керемет ерлік көрсеттім деп санамаймын. Тек қана өз міндетімді адал орындадым. Бейнесіз зейнет келмейді ғой. Тер төгумен, үйренуден жалықпағаным рас. Ал батырлық куәлігімде: «әскери техника сынаудағы батылдығы үшін берілді» деп жазылған.



нақтап қалғанмын. Қызметім де ойдағыдай жүріп жатты. Бөлім командирі сибегімді ескеріп капитан деген кезекті әскери атаққа ұсынған болатын. Бірақ, тағы да алған сөгімнен қайтпай отырып алдым. Ақыры командирім рапортқа қол қойды. Сөйтіп, 1975 жылы сынақшы-ұшқыштар мектебіне қабылдандым.

—Сонда бұлай жасауыңызға не себеп болды?

—Басты себеп болған жағдай ең баяғы самолетке деген зор құштарлық. Басқа ұшқыштарға қарағанда сынақшы-ұшқыштардың бұл орайда өте үлкен артықшылығы бар. Біріншілен, олар көптеген самолет түрлерін жетік меңгереді. Екіншіден, олар өз мамандығының асқан шеберлері. Мұндайларды ұшқыштар тіл-

—Сіз атакты «МИГ» самолеттерін сынаған ұшқыштың бірісіз. Әскери кемеңіз палубасынан осы самолетті бірінші ұшырған адам да өзіңіз емес пе?

—Иә, 1989 жылдың желтоқсан айында отандық авиация тарихында тұңғыш рет «МИГ-29» самолетімен әскери кемеңіз трамплинді палубасынан әуеге көтерілдім. Бұл тосілді меңгеруге біздің фирма бірнеше жылғы бағыштаған болатын. Ақыры мақсатымызға жеттік. Осылайша әскери кемеңіз палубасы «МИГ-29» самолетінің қосымша аэродромына айналды. Мұны самолеттің басқа түрлеріне де қолдануға болатынына сенімдімін.

—Сынақ барысында талай мәрте қиын жағдайды бастан

Бірақ, мұндай талап маған бұрыннан таныс қой. Оңша қинала қойған жоқпын. Адам ғарышқа ерлікпен ұшпайды. Мұның арғында дәрігерлік, ғылыми және техникалық бағдарламалары болады. Тәуліктің әр минуты есептеулі. Жаттығу барысында жоспарлы талсырманың бәрін орындауы шарт. Мұның қиындығы мен қызығы қатар келіп отырды.

—Өзіңіздің жолыңызды қуып, ғарышкер болғысы келетін қазақ жастарына айтар ағалық тілегіңіз қандай?

—Айтар тілек баршылық. Мен барша бауырластарымның мақсаткер болғандарын қалаймын. Таланттың тұлпарын тізгіндей білсе екен. Мақсатқа жету үшін табандылық керек, талмай үйрену керек. Мел білім, зор ынта қажет. Қарақез бауырларым осыны естерінде ұстаса деймін.

Біздің қазақ ағайындар баланы шағырақтан оңша ұзата қоймайды. Бұл дұрыс емес. Ұялаң ұзамаған баладан қырап болып жартыпайды. Қазір Байқоңырда қазақ балалары үшін ғарыш мектебі ашылған. Соған бару керек. Енді қазақ үшін де ғарышқа жол ашылды емес пе? Осы мүмкіндікті дұрыс пайдаланған абзал.

—Ардақты аға, ғарыш төрінде қазақша сөйлесеңіз тіпті тамаша болар еді-ау!

—Бұл өзімнің де ойымда бар жағдай. Ғарышқа халқымыз атынан ұша тұрып, қазақ тілінде сөйлемегенім ағаттық болмай ма? Тіпті бірер өң де дайындап қойдым. Естіп қалуларыңыз ғажай емес.

—Онда дұрыс екен. Ұшу бағдарламасына сәйкес республика ғалымдары тарапынан нақты тапсырмалар берілді ме?

Берілгенде қандай! Орбиталық «Мир» кешенінде Қазақ КСР Ғылым академиясы тарапынан берілген нақты тапсырмаларды орындауым керек. Олар бірнеше саладан тұрады. Әрине, бәрін ойдағыдай орындауға тырысамын ғой.

—Ал экипаждың «Донбасс» деген шартты белгісіне қалай қарайсыз?

—Бұл командиріміз Волковтың таңдауы. Ол Донбастан ғой. Сол себепті экипаждың ғарыштағы шартты белгісіне тұраң өлкесінің атып алды. Бұған біз де қарсы болмадық. Донбасс та біздің Қазақанды сияқты төмір ошағы ғой. Ағайлық болса, кейін экипаж командирі ретінде ушудың да орайы келер деп ойлаймын. Сонда ғарыш кемеңізін шартты белгісі «Қарағанды» болуы әбден мүмкін жағдай.

—Қазір есіміңіз әлемге тарап кетті. Ал өз республикамызда қашан таныладыңыз?

лып сриаластым. Жұмыс істеісін жүріп, завод жаншндағы кешкі мектепте оқыдым. Бірақ, жатсама-тұрсама ойымнан ұшқыш мамандығын менгеру кетпей қойды. Уақыт тауып, Қарағанды қаласындағы аэроклубтың жұмысына қатысып жүрдім. Осылайша парашютипен секіруге жаттыға бастадым. Мұны туысқандарымның арасынан тек жездем Нығмет қана білетін.

Парашютипен секіруді үйреніп алған соң, самолет ұшыруға ден қойдым. Арада жарты жыл өткенде аэроклубтың оқу-жаттығу самолетімен бір кісідей-ақ ұша алатын болдым. Талабымды байқаған төлімгер ұстаздарым бетімнен кекпады. Қайта самолет ұшыруды төл-тәуір үйреніп алғанымды көріп, маған сенім артатын болды. Тіпті бірде Теміртаудағы үйімдің үстінен самолетпен екі-үш мәрте айналып өткенім бар. Анам мен апаларым Қарағандыдағы аэроклуб үйірмесіне қатысып жүргенімді сонда ғана білген болатын. Осылайша аңсаған арманыма жартылай жеттім.

—Неге жартылай дейсіз? Аэроклубтікі болғанымен самолеттің ағы—самолет қой?

—Әрине, солай екені рас. Бірақ, менің қолымда ұшқыш болуға жол ашатын диплом жоқ еді. Аэроклубта үйренгеніміз әліппе тәрізді дәріс қана ғой. Көк тұлпарын еркін тізгіндеу үшін ұшқыштар училищесін бітіру шарт. Мұнысы алысқа ұзай алмайсың. Бірақ, бұл ойымды ардақты анам жөн көрмеді.

—Қарағым, ұшқыш боламын деп мені шошытпа. Әулетпен қалған жалғыз тұяқсың. Басыңды бұлайша бекер қатерге тікпе, балам. Жер бетіндегі жұмысыңның өзі жақсы ғой, қарағым-ау!—деді анам. Оның сөзін апаларым да қолдады. Алған бетімнен қайтпай отырып алған мені тек жездем ғана қолдаған.

—Баланың бағын байламайық. Кейлі қатты құлаған екен, жолына көлденен тұрғанымыздың жөні болмас, Тағдырдың маңдайға жазғанын көреді де,—деген байламын білдірді. Қанша қиналғанымен бұған анам мен апаларымның көнуіне тура келген.

—Бұдан кейінгі тағдырыңыз қалай болды?

—1965 жылы Қарағанды облыстық комсомол комитетінің жолдамасымен Армавир қаласындағы ұшқыштар дайындайтын жоғары әскери училищеге түстім. Осында өткізген үш жарым жылда талай ұлағатты ұстаздардан тәлім

алдым да сәс» дейді. Бұл нағыз бесаспап ұшқыш деген сөз. Ал мұндай атакқа не болу өте итпн. Мұны кез-келген ұшқыш аптады.

—Сынақшы-ұшқыш мамандығын алып шыққан соң қайда қызмет атқардыңыз?

—Мені бірден Микоип атындағы тәжірибе-конструкторлық бюроға жұмысқа шақырды. Бұл өте үлкен сенім білдіру еді. Аты өлемге әйгілі болған Микоип фирмасы ғой бұл! Еліміздегі әскери самолеттердің ең озық, ең соңғы түрлері осында сынақтан өтеді. Ал осы самолеттерді аспанда ұрышқытай үйретіндер—сынақшы-ұшқыштар. Олардың айтқан сын-әскертпелері бойынша конструкторлар өз самолеттерін тағы да жетілдіріп отырады. Содан кейін дыбыстан да жылдам ұшатын жойқын самолетті тағы да самғау көкке алып шығасын. Тағы да ұрышқытай үйіріп, аспанда өрнек саласын. Тұмысың жерге беріп, төмен шүйілесің, кілт бұрылып, занғар көкке самғайсың. Осындай сынақтардан сн кінәратсыз өткен самолет қана заводтан сериалап шығаруға жолдама алады.

—Апыр-ай, талабы керемет қатал екен. Бұған қалай ғана сыр бермей шыдап жүрдіңіз?

—Ұшқыш болмаған соң айтасың да. Әйтпесе, мамандығына жүрек қалауымен қолған ұшқыш үшін көк жүзінде темір түйгіншімен алуан өрнек салудан асқан бақыт жоқ. Жерде бірер күн жүріп қалсан өлегізіп, мазақ кетеді. Ұшқышты самолеттен айыру қыранның қапатын қыркүмен бірдей. Солай, бауырым!

—Тоқтар аға, әскери самолеттің қанша түрін меңгердіңіз?

—Мен жанағы айтқан Микоип фирмасында табан аудармастан 14 жыл сынақшы-ұшқыш болып қызмет атқардым. Осы уақыт ішінде 50-ден астам әскери самолет түрін меңгердім.

—Керемет екен! Дегенмен, мұның өзі оңайға түспеген де болар-ау?

—Әрине, солай екеніне дәу жоқ. Мұншама самолет түрін еркін меңгеру айтар ауызға ғана оңай. Бұл үшін батыл болу аз. Самолеттің әр тетігін бес саусақтай, біліп, таунып қажет. Шебер ұшқыш самолет моторының даусынан болмашы ақаудың өзін таба алады. Міне, осындай денгейге жету керек. Тек сонда ғана кез келген самолет түрін еркін меңгеруге болады.

—Сіз бірінші класты сынақшы-ұшқышсыз. Мұнымен бірге 1988 жылдың қараша ай-

өткізген боларсыз?

—Сынақшы-ұшқыштың өмірінде мұндай жағдайлар жиі болып тұрады. Конструкторлар қаншама тер төккенімен, техникада ақау болмай тұрмайды. Мұндай жағдайды өзінде бірнеше рет басымнан өткіздім. Тіпті бірде самолеттің екі моторы бірден істемей қалғаны да бар. Бірақ, бәрі сәтпен аяқталды. Фирма үшін техникадан бұрын адам өмірі қымбат. Қысталған сәтте самолеттен қарғып кетсең, бұл үшін ешкім жазғырмайды. Дегенмен жаңа техниканың қирағаны абырой емес. Онда барлығы жұмысты қайтадан бастауға тура келеді. Өзім қандай қиын сәт болса да осыны жадымнан шығарып көрген еменің.

—Ал енді ғарыш тақырыбына ауысқанымыз жөн болар. Қазақ қандастарымыз сізді неге баяғыдан бері ғарышқа ұшпады екен деп айтты...

—Мен ұшпаймын дедім бе, ағайындар-ау? Бұл туралы кезінде бірнеше рет талпыныс жасап көргенім. Бұдан нәтиже болмады. «Географиясы келсе биографиясы келмейтін» түрлі тосқауылдары алдымен шыға берді ғой, әйтеуір. Әйтпесе, бұдан он жыл бұрын ғарышқа ұшуға болар еді. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың араласуымен қазақ халқының өкілі ғарышқа енді ғана ұшқалы отыр. Өкінішті, әрине. Дегенмен, халқымызда «Игіліктің ерте-кеші жоқ» деген ғибрат бар ғой. Осы аталы сөз көңіліңе қанағар.

—Ғарышкерлер отрядында Талғат Мұсабаев екеуіңіз қанша мерзім дайындықтан өттіңіздер?

Талғат ғарышкерлер отрядына биятырғы жылдың қазан айында азаматтық авиациядан келді. Ал мен осы биялы жылдың мамыр айында келіп қосылдым. Екеуіміз де ғарышқа ұшу бағдарламасына сәйкес толық дайындық курсынан өттік. Екеуіміз де ғарышкерлердің дипломдық куәлігі тапсырылды.

—Бұл дайындық қниыға түскен жөк па?

—Әрине, жауапкершілігі үлкен, талабы қатал болды.

АВТОРДАН: Бұл сұхбат ғарышкер батырдың старты аясында жасалған еді. Бұнағы күні халқымыздың асыл азаматы Тоқтар Әубәкіров ғарыш сапарын ойдағыдай аяқтап, туған жерге аман-сау қайтып оралды. Батыр алыс сапардан соң тынығуы керек. Содан кейін туған жеріне келіп, жерлестерімен жүздесетіні анық. Солай жасауға өзі де уәде берген болатын. Олай болса, батырдың ғарыштан алған ұлан-ғайыр әсері жайлы әңгімені таудағы күндердің ештігіне қалдырайық. Көп ұзамай бұл әңгіме де өзіңізге жететініне сеніңіз, құрметті оқырман!

—Бұл өзі аяқ астынан болды. 1988 жылғы желтоқсан айынан басталса жөнүімімен бірге демалып кайтуға Меду шатқалындағы Шымбұлаққа елдік. Ол кезде батыр атағын алғаныма бірер айдай ғана болған. Сол жолы талантты ақын, аяулы азамат Олжас Сүлейменовпен таныстым. Ол мен туралы журналистерге айтты. Көп ұзамай «Қазақ «дебнеті» газетінде мен туралы суретіммен көлемді очерк жарияланды. Қазақстан жұртшылығына танылуым осылай басталды.

—Жанұяңыз жайлы бір-екі ауыз сөз айта кетсеңіз?

—Жұбайымның есімі —Татьяна Михайловна. Орыс қызы болса да қазақтың салт-дәстүрін тәуір біледі. Екі ұлымыз бар. Үйде ұлдарыммен қазақша сөйлесуге тырысамын. Реті келгенде елге де әкеліп тұрамын.

—Ғарышқа аттанар алдында қарағандылық жерлестеріңізге қандай сәлем жолдайсыз?

—Қайда жүрсем де қарағандылықтармен жүрегім бірге соғады. Туған жерім мен ұшқан ұямды бір сәтке де есімінен шығарып көрген емесін. Шалғайда жүргенімде жанымна әйгер, бойыма қуат беретін де солар.

Мен қазақ халқының бір перзентімін. Ел сенімін ақтауы мақсат еттім. Жерлестеріме баянды бақыт пен мықты депсаулық тілеймін. Ғарыш төрінен айтар тілегім де осы болмақ.

—Сіздің стартыңызбен қатар өзі де 60 жасқа келіп, қос қуанышын қатар тойлайтын «Орталық Қазақстан» газетіне бірер тілек айта кетсеңіз?

—Газет оқырмандары мол болсын, халқының арасында әбройлы болсын! Айтар тілегім осы, бауырым!

—Әңгімесізге рахмет, аға! Аман барып, сау қайтыңыз. Алыс сапарда ата-бабалардың аруағы жар болғай!

—Рахмет! Перінтенің құлағына шалынсын дейміз де...

Әңгімелескен
Төлеубай ЕРМЕКБАЕВ,
арнаулы тілшіміз.